**ЖШС «SEMBIZ», «Алан» балабақшасының**
**Кезектен тыс педагогикалық кеңес**
**ХАТТАМАСЫ № 1**

Күні: 16.02.2024 жыл
Қатысқаны : 8 педагог
Қамқоршылық кеңес мүшелер - 5 ата-ана

**Тақырыбы:** «2023 жылғы 09 қарашадағы № 441-нқ Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде ЖШС «SEMBIZ», «Алан» балабақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу»

**Күн тәртібі:**

1.2023-2024 оқу жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР ОАМ 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен танысу;

2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес ЖШС «SEMBIZ», «Алан» балабақшасының өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия құрамын бекіту.

**Бірінші мәселе бойынша**
**Тыңдалды:**

Сөзді балабақша құрылтайшысы Г.А.Бестюбаева алды.Ол 2024 жылдың 20 мамыр мен 24 мамыр аралығында балабақшамыз мемлекеттік аттестаттаудан өтетінін, алдымызда өте жауапты миссия тұрғанын айтты. және 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР ОАМ 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстырды.

ҚРОАМ білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 27.12.2022 жылғы №12 бұйрығына сәйкес, барлық профилактикалық бақылаудың алдындағы білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы белгілі бір кезеңдерден тұрады, олардың бірі білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізу болып табылады. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілерін назарға ала отырып, өзін-өзі бағалауды кемінде бес (тақ саны) қызметкерінен тұратын комиссиямен жүргізу ұсынылады. Осыған орай ұсыныстар енгізуді сұраймын.

**Екінші мәселе бойынша**
**Тыңдалды:**

Балабақшаның музыка жетекшісі Л.Б.Бектас әдістемелік ұсынымға сәйкес комиссия төрайымы болып балабақшаның бірінші басшысын тағайындауды ұсынды.
**Сөз сөйледі:**

Тәрбиеші Қаракөз Темірханқызы : осы жұмыстарға жауапты ретінде, комиссия құрамына музыка жетекшісі Лаура Бегайдаровнаны, дене шынықтыру нұсқаушысы Арай Кудайбергеновнаны, және тәрбиеші Мендахоз Шаймуратовнаны ұсынды.

Педагогикалық кеңеске қатысушы педагогтар мен ата-аналар комиссия мүшелерінің құрамына бірауыздан келісті.

Бірауыздан келісті- 13 адам
«қарсы» - жоқ, «қалыс» - жоқ

**Кеңестен тыс педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырылып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссиясы құрылсын:
   **Комиссия төрайымы:** Г.А.Бестюбаева – балабақша құрылтайшысы
   **Комиссия мүшелері:** Л.Б.Бектас - музыка жетекшісі
   А.К.Садакбаева - дене шынықтыру нұсқаушысы
   М.Ш.Мустафина – тәрбиеші
   Г.А.Нуржаубаева – тәрбиеші
2. 2024 жылдың 15 сәуіріне дейін комиссия өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізсін және нәтижелері бойынша қамқоршылық кенес алдында есеп берсін.

Пед кеңес төрайымы ____________ Г.Бестюбаева
Хатшы ____________ Д.Қайыркелдіқызы